

Аңдатпа

Дипломдық жобаның тақырыбы «Қызметкерлердің өзара әрекет процестерін ұйымдастыру мен координациялауға арналған корпоративтік программалық қамтама құру».

Дипломдық жобаның мақсаты– офис қызметкерлерінің жұмыс процесін талдау мен кәсіпқойлар жұмысының өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін программалық қамтама құру.

Дипломдық жобаны әзірлеу және жобалау барысында әзірлеме қолданылатын сала анықталып, қосымша мен оның аналогтарына сараптама жүргізілді, көп қолданылатын клиент-сервер қосымшасын жасауға HTML, CSS, JavaScript, Angular, СУБД PostgreSQL, Java, Spring MVC, MyBatis сияқты әзірлемелер көмектесті, сондай-ақ дипломдық жобаның экономикалық негіздемесі келтірілді және жүзеге асырылып жатқан жоба шеңберінде еңбек жағдайын жақсарту шаралары қарастырылды.

Жобаның нәтижесі – толыққанды бағдарлама, ол сіздің үйлестіру мен өзін-өзі ұйымдастыру үдерістерін жеделдету арқылы кәсіби мамандардың жұмысын жақсартуға мүмкіндік береді.